

Жанғара Дәдебаев,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры

БЕЛГІБАЙ ШАЛАБАЕВ

Қазақтың С.М. Киров атындағы Еңбек Қызыл Ту ордені мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, республиканың еңбек сіңірген мұғалімі Белгібай Шалабайұлымен, келісуіміз бойынша, Абай атындағы Опера және балет театрының шығыс жақ бүйіріндегі бақта кездестік. Баяу басып, алаңсыз қыдырыстап жүр. Тұлғасы тік, еңселі. Үстінде жаздық ақ костюм, аяқта жеңіл ақ туфли, қалпағы, қолындағы аса таяғы – олар да ақ түсті... Ақ көйлек пен ақ костюмнің үйлесімін жіңішке, алқызыл жұқа галстук одан сайын ажарландыра түскен. Қос омырауда қатар-қатар тізілген орден, медальдар: “Қызыл жұлдыз”, “Германияны жеңгені үшін”, “Еңбектегі ерлігі үшін”, “Еңбекте үздік шыққаны үшін”, солармен қатар СССР, Қазақ ССР Жоғары мектебі ардагерінің, СССР халық ағарту үздігінің төсбелгілері.

Амандық-саулықтан кейін, Бекең бақтың кіре берісіне қарай бастады. М.О.Әуезовтің ескерткіш-мүсініне жақындай беріп, оң жақта тұрған орындыққа барып жайғасты. Ақ қалпағын басынан алып, оң тізесіне қойды. Тап-таза ұзынша орындыққа Белағанның сол жағын ала мен де отыра бергенмін.

– Иә, балам, – деді ол кісі, – не шаруамен келдің?

“Қазақ университеті” газеті совет халқының Ұлы Отан соғысында жеңіп шығуының қырық жылдығында орай майдангер-ұстаз Белгібай Шалабайұлымен пікірлесуді тапсырған еді. Мен бірер сөзбен келген шаруамды айттым.

– Өзім туралы өзімнің көп сөзім жоқ, өзгелердің көп айта бергенін қаламаймын. Менен нақты не білгің келеді?

Кездесудің алғашқы бөлімінде Бекеңмен аздап еркін сұхбаттасуды ойға алып келген едім. Порфессордың өмірбаяны туралы да бірқатар мәлімет жинап алған болатынмын. Кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. Өзі он бір жасқа шыққанда әкесі қайтыс болады да, күнкөріс қамымен байдың қозысын бағады. Он үш жасқа келгенде, ауылдық кеңестің жолдамасымен Семейдегі балалар үйіне орналасады. Осында жүріп, он бес жасқа дейін ересек балалармен бірге Семей губерниялық баспасының типографиясында үйренуші болып жұмыс істейді. Он бес-он алты жастан он жеті жасқа дейін жасөспірімдердің мектебінде білім алады. Он жеті – он тоғыз аралығанда дәрігерлік техникумда оқиды. Он тоғызда жоғары оқу орнына оқуға түсуге

дайындайтын курсты бітіріп, Қазақ мемлекетін педагогикалық институтына оқуға қабылданады, оқуды бітірген соң, осы институтқа ассистент болып жұмысқа тұрады. Институттағы қызметімен қатар “Пионер” газетінің жауапты редакторының орынбасары болып жұмыс істейді. 1934 – 1937 жылдары Ленинград мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқиды. Аспирантурадан кейін институтқа оралып, аға оқытушы болып қызмет атқарады. 1937 – 1942 жылдары негізгі қызметімен қатар Журналистика институтында әдебиет кафедрасының меңгерушісі әрі Қазақ мемлекеттік университетінде аға оқытушы болып істейді. 1942 – 1944 жылдары, ротаның саяси жетекшісі, батальон комиссары, комиссарлар институты тараған соң, полк үгітшісі болады. 1944 жылдың ақпанында ауыр жараланып, елге оралады. Осы жылы 16 қазанда кандидаттық диссертация қорғайды. 1949 жылы СССР жоғары білім министірлігі университеттер бас басқармасы бойынша шыққын бұйрықпен қазақ мемлекеттік университеті қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалады.

Газеттің тапсырмасын осы мәліметтер негізінде-ақ орындап тастауға болар еді. Бірақ профессормен кездесуден жаңа мәліметтер алармын деп қатты үміттеніп едім. Әңгіменің осылай, қапелімде нақты сипат алып кеткені едәуір қиналысқа түсірді.

– Бел-аға, шәкірттеріңізге де, ел-жұртыңыз үшін де өз өміріңіздің ең бір айрықша мәнді кезеңдерінің шындығы қымбат болар деп ойлаймын. Басыңыздан өткерген сондай сәттеріңіз туралы айтсаңыз...

– Мен өткенім туралы емес, алдағы өмір жайлы айтқанды жөн көремін. Оған қалай қарайсың?

– Дұрыс, аға. Мен де алдағы ғұмыр жайлы ойларыңызды ортаға салғаныңызды құп көремін.

– Олай болса, тыңда. Ең алдымен, – Белағаң үлкен беторамалымен тершіген маңдайын сүртіп алды, – өмірім жетсе, ғылыми және көркем еңбектерім мен шығармаларымның толық жинағының баспадан шыққанын көрсем деймін. Оның үстіне жазушылық қызметімнің қорытындысы ретінде бір мықты роман жазуды ойлап жүрмін.

– Ол романыңыздың не жайында екендігін айтпас па екенсіз?

– Айтуға болады. Өзің білесің, мен – Отанымызды неміс фашистерінен қорғауға қатысқан адаммын. Белорусь майданында шайқастым. Бүгінгі бейбіт күніміздің сән-салтанаты сол соғыс жылдары мезгілсіз жоғалған жастың, қыршын үзілген ғұмырдың, совет адамдарының өмірге, Отанға деген адал сүйіспеншілігі мен қаһармандық ерлігінің нәтижесі екендігін айтып та, естіп те, жазып та, оқып та жүрміз. Қазір мені сол оқ пен оттың ортасында мезгілсіз қиылған қыршын ғұмырлар көбірек мазалап жүр. Дариға-ай, небір бүлдіршін жастар он екіде бір гүлі ашылмай кетті ғой...

Белаға бұл жерде де өзі емес, өзгелер туралы айтты. Ұлы Отан соғысы жылдары өзінің рота политругі, батальон комиссары, дивизия партия комиссиясының мүшесі ретінде жүргізген ерлік істері жайында ләм-мим деп жақ та ашпады. Тіпті, жайшылықта өзі айта беретін Белорусь майданында жауынгерлерді шабуылға бастап, жауды бекінісінен қуып шыққаны туралы да

тіс жармады. Белағаң сол-шайқаста ауыр жараланып, госпитальға түседі, одан екінші топтағы мүгедек... Бел-ағаңның жүзіне қарап отырып, “мүгедек” деу тым ауыр, бұл кісіге “Ұлы Отан соғысының ардагері” деу лайықты екендігін ойладым. Оның үстіне Белағаңның Ұлы Отан соғысынан кейінгі еңбегінің өзі де ерлікке бара-бар қаһармандық секілді әсер қалдыратындай.

– Соғыс туралы... дәлірек айтсам, бұл романым өмір туралы болады. Ал ондағы оқиға, материал Ұлы Отан соғысы шындықтарынан алынады. Соғыстың басымнан өткен, өз көзіммен көрген кейбір сәттері осы күні көз алдымнан тіпті кетпей қоятынды шығарып жүр... Бейбіт күннен, бейбітшіліктен ардақты не болсын.

Іштей Белағаңның сөзін құптай қайталадым: “Иә, бейбіт күннен, бейбітшіліктен ардақты не болсын”. Артынша бұл сөздің мәні мен мазмұны Бел-ағаңның айтуында мүлде тереңдеп сала беретінін аңғардым. Бейбіт күннің қадірі жайында Белағаңдар сөйлеп отырғанда, біздің тек тыңдай білгеніміз жөн секілді көрінді.

– Сол бейбіт күн туралы жазсам деймін, – деп, сөзін бітірген сыңай танытты майдангер ғалым.

– Оныңыз жақсы екен. Творчестволық мақсаттарыңызға шаршамай жетуіңізге тілектеспін, аға. Енді жастарға, шәкірттеріңізге қандай тілек айтқыңыз келеді?

– Менің алдымда болған, менен лекция тыңдап, тәлім-тәрбие алған барлық шәкірттерімді жанымдай жақсы көремін. Біз көрген қиыншылықтарды олар көрген жоқ, енді көрмей-ақ қойсын. Студенттерім өздерін жақсы ұстай білсе, тәртіпті болса, сабақты жақсы оқыса, мен сол балапандарымның туған ата-анасындай қуанамын. Сәл қателессе, қисық жолға түссе, туған ата-аналарындай қынжылып, ренжимін. Шәкірттерім ата-аналарын, солардың ішінде мені де тек қуанта берсе екен деймін. Оларға қуаныш тілеймін.

Әңгімесі үшін рахмет айтып, Белағамен хош айтыстым. Белағаң омырауындағы ордендері мен медальдарын сыңғырлатып, Калинин көшесіне қарай бет алды. Әлі де біраз қыдырыстай тұрғысы келетін сияқты. Автобус аялдмасына қарай бұрыла бере ойыма: “Япыр-ай, жақсының жақсылығының бір қырын көре алдым ба? Ана орден, медальдар тарихын неге сұрамадым?” – деген сұрақтар келді. Бұрылып қарасам, Бел-ағаң Калинин көшесін қиып өтіп барады екен.

Республиканың еңбек сіңірген мұғалімі, соғыстың да, бейбіт еңбектің де ардагері, профессор Белгібай Шалабайұлының көп сыры, қозғалмаған күйі оның өзіме бірге кетіп бара жатқандай көрінді.

06.03.1985.